



Найля Әлмұхамедова
Марат Шибұтов

БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫНА ШОЛУ

Найля Әлмұхамедова

Марат Шибутов

БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫНА ШОЛУ

Мұқабада қолданылған
суреттің авторы -
Айнұр Халиолла

ulttyq-kenes.kz

2021

МАЗМҰНЫ

МАЗМҰНЫ	2
КІРІСПЕ	3
1. 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ	4
2. 2020 ЖЫЛҒЫ БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР ТУРАЛЫ ЗАҢ	6
3. БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?	8
4. ОППОЗИЦИЯ ӨКІЛДЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР	15
ҚОРЫТЫНДЫ	17
ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ	18
ҚОЛДАНЫЛҒАН АҚПАРАТ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ	19

КІРІСПЕ

2019 жылғы 2 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа Жолдауында митингілер туралы қолданыстағы заңдарды жетілдіру қажеттілігін атап өтіп, *«Егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қаланың шетінде болмауы тиіс»* деді.

Кейін, 2019 жылғы желтоқсандағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында Мемлекет басшысы Үкіметке митингілер өткізуге рұқсат ету қалыбынан хабарлама тәртібіне көшуді көздейтін **«Бейбіт жиналыстар туралы» тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа заң жобасын әзірледі** тапсырды.

Сондай-ақ, Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа заңда бейбіт жиналыстардың барлық түрі анықталып, мәслихаттардың арнаулы орындарды белгілеу жөніндегі құзыреті, сонымен қатар митингіні ұйымдастырушының, қатысушының, журналистің статусы, олардың құқылары мен міндеттері сияқты ұғымдар айқындалатынын атап өтті.

2020 жылдың бірінші жартысында заң жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қос палатасында мұқият қаралып, талқылауға қоғам белсенділері, құқық қорғаушылар мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшелері қатыстырылды.

Соның нәтижесінде **Мемлекет басшысы 2020 жылғы 25 мамырда «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу туралы» жаңа заңға қол қойды.**

2021 жылғы 6 маусымда осы заңның күшіне енгеніне бір жыл толды. Баяндамада митингілер туралы заңдарды жетілдірудің қысқаша хронологиясы беріліп, өткен жылда өткізілген бейбіт жиналыстарға қатысты қабылданған нормалардың ережелерін жүзеге асыру жайына талдау жасалды.

1. 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Азаматтардың бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізуге кепілдіктері мен құқылары **Қазақстан Республикасы Конституциясының 32-бабында** көрсетілген: «Қазақстан Республикасының азаматтары бейбіт әрі қарусыз жиналуға, жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізуге және тосқауылдарға тұруға хақылы. Бұл құқықты пайдалану мемлекеттік қауіпсіздік, қоғамдық тәртіп, денсаулық сақтау, басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүдделері үшін заңмен шектелуі мүмкін». [1]

2020 жылы бейбіт жиналыстар туралы жаңа заңды қабылдағанға дейін бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру мен өткізуді құқықтық реттеу **Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» заңы** арқылы жүзеге асырылды. [2]

Осы заңның шеңберінде бейбіт жиналыстардың барлығы **рұқсат ету тәртібін** иеленді. Басқаша айтқанда, бейбіт жиналыстардың әлдебір түрін өткізу үшін жергілікті атқарушы органдарының рұқсатын алу қажет болды. Бұған қоса, жергілікті өкілетті органдар бейбіт жиналыстар өткізуге арналған орынды – әдетте, бір елдімекенде бір орынды белгіледі, мұның өзі біраз қолайсыздық әкелді.

Бұл нормалар сарапшылар арасында да, қоғамдық ортада да пікірталастар туындатты. Құқық қорғаушылар заңды жетілдіріп, бейбіт жиналыстар өткізудің хабарламалық сипатын енгізу жөнінде талай рет айтты. Бірақ, 1995 жылғы заң бір-ақ рет – 2004 жылы ғана болмашы өзгертілді.

Сондай-ақ, екі тараптың – бейбіт жиналыстарды өткізушілердің де, мемлекеттік органдардың да жалпы әрекет ету алгоритмінің заңда шала-шарпы қаралғандығы тілге тиек етілді. Мысалы, бейбіт жиналыстардың әрқилы түрлеріне анықтама берілмеді, олардың жабық ғимараттарда өтетін жиындардан айырмашылығы болмады, бейбіт жиналыстарға қатысушылардың құқылары айқындалмады, балама нұсқалар ұсынылған жоқ.

Оның үстіне, 2019 жылы елдің қоғамдық-саяси тұрмысындағы трансформация үдерісінің күшейе түсуіне байланысты Қазақстанда әртүрлі митингілер саны едәуір ұлғайды. Бұл сонымен бірге бейбіт жиналыстар өткізудің жиырма жыл бұрын қабылданған заң нормалары белгілі дәрежеде ескіргенін әрі оны жетілдіру қажеттігін көрсетті.

Осының бәрі жинақтала келіп, елде бейбіт жиналыстар өткізу жөніндегі заң нормалары мен жалпы тәсілдерді жаңарту қажеттігін алға тартты.

2. 2020 ЖЫЛҒЫ БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР ТУРАЛЫ ЗАҢ

Бейбіт жиналыстар өткізу жөнінде жаңа заң әзірлеуге **Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың** 2019 жылғы 2 қыркүйекте жарияланған «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауы түрткі болды. Онда Мемлекет басшысы *«егер бейбіт акциялар заңның шеңберінен шықпайтын және азаматтарымыздың тыныштығын бұзбайтын болса, бұған түсіністікпен қарап, жиындарды өткізу үшін арнайы орын бөлу қажет. Мұндай орындар қаланың шетінде болмауы тиіс»* екенін атап өтіп, митингілер туралы қолданыстағы заңдарды жетілдіру қажеттігін нұсқады.[3]

Кейінірек **2019 жылдың 20 желтоқсанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында** сарапшылар ұсынған жұртшылықтың ой-пікірлерін ескере отырып, Мемлекет басшысы Үкіметке Бейбіт жиналыстар өткізу туралы жаңа заң жобасын әзірлеуді тапсырды. Әсіресе, **саяси реформалардың алғашқы легін** бастау барысында Қасым-Жомарт Тоқаев: «...митингілерді ұйымдастырудың біздің Конституциямызға сәйкес келетін хабарламалық қағидатын енгізуге кіріскеніміз жөн. Егер олар заңға қайшы келмесе, қоғамдық тәртіпті бұзбаса және азаматтардың мазасын алмаса, митингілерге рұқсат етіледі» деп мәлімдеді. [4]

Бұған қоса, ол жаңа заңда бейбіт жиналыстардың барлық түріне анықтама беріліп, мәслихаттардың арнаулы орындарды белгілеу жөніндегі құзыреті, сондай-ақ митингіні ұйымдастырушы мен қатысушының статусы, олардың құқылары мен міндеттері сияқты ұғымдар айқындалатынын айтып өтті.

2019 жылдың жазында Алматыда Евгений Жовтис бастаған құқық қорғаушылар қаланың Қоғамдық кеңесімен бірлесе отырып, бейбіт жиналыстар өткізу туралы заңның өз нұсқасын әзірлегенін – ол Алматы қаласы әкімдігі мен полиция департаментінде талқыланғанын айтуымыз керек.

«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа заң жобасын Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі әзірлеп, басқа мемлекеттік органдармен келісімге келгеннен кейін жұртшылық талқысына салу үшін 2020 жылғы 7-21 қазан аралығында «Ашық НҚА» порталына жайғастырды.

Кейін Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі заң жобасын әртүрлі ортаға, соның ішінде, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесіне таныстырды. Оны талқылау барысында баламалы заң жобасының нормалары ішінара ескеріліп отырды.

Одан әрі құжат Парламентте талқылауға берілді. 2020 жылғы 12 наурызда Парламент Мәжілісінде заң жобасының таныстырылымы өткізілді, құжатты талқылауға үкіметтік емес ұйымдардың, Бас прокуратураның, Ақпарат және қоғамдық даму, Әділет, Білім және ғылым, Сыртқы істер, Ішкі істер министрліктерінің өкілдері атсалысты. Бұған қоса, 2020 жылғы 17 наурызда Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі мүшелерінің, үкіметтік емес ұйымдар, Қазақстан аймақтары жұртшылығы, мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен арнайы дөңгелек үстел өткізілді.

Осы заң жобасы бойынша **Мәжілістің арнаулы тобының жұмысы шеңберінде барлығы 14 отырыс өтті**. Осылайша, нақты заң жобасы Мәжілісте мұқият қаралып, тиянақты жөнделді. Талқылаулар барысында заң жобасы өзгертіліп, негізгі нормалары мен ережелері нақтыланды: хабарлама беру мерзімі қысқартылып, пикеттерді кез келген, заңмен тыйым салынбаған жерде өткізу мүмкіндігі бекітілді, құжат атаулыға қойылатын талаптар оңайлатылып, журналистердің қызметін реттейтін нормалардың барлығы іс жүзінде алынып тасталды және т.б. Тұтастай алғанда, балама заң жобасында айтылған жұртшылықтың ұсыныстары мейлінше қаперге алынды. Соның нәтижесінде заң жобасының бірінші оқылымы Мәжілісте – 2020 жылғы 26 наурызда, екіншісі 2020 жылғы 8 сәуірде талқыланды.

Парламент Сенаты заң жобасын мұқият қарап, өз өзгертулері мен толықтыруларын енгізіп, 2020 жылғы 14 мамырда Мәжіліске қайтарды. 2020 жылғы 20 мамырда Парламент Мәжілісі Сенаттың түзетулері мен толықтыруларына келісіп, заңды Мемлекет басшысының қол қоюына жолдады.

Соның нәтижесінде **2020 жылғы 25 мамырда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңға қол қойды**.

3. БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР ТУРАЛЫ ЖАҢА ЗАҢ ҚАЛАЙ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ?

Бейбіт жиналыстар туралы жаңа заң нормалары **2020 жылғы 6 маусымда күшіне енді**. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» заңға сәйкес пикет, жиналу, митинг түрінде бейбіт жиналыстар өткізу үшін ұйымдастырушы қағаз жүзінде немесе электронды құжат түрінде, электрондық-сандық қол қою арқылы жергілікті атқарушы органға **оны өткізуден кемінде бес күн бұрын тиісті хабарлама беруге** тиіс. Жергілікті атқару органдарынан жауап болмаған ретте бейбіт жиналысты өткізу әдепкідей келісілген болып есептеледі. [5]

Сонымен бірге, демонстрациялар, пикеттер түрінде бейбіт жиналыстар өткізу үшін жергілікті атқарушы органдардың рұқсатын алу қажет. Бейбіт жиналыстар, пикеттеді қоспағанда, бейбіт жиындарды өткізу үшін белгіленген жерлерде жүргізіледі.

Бұдан басқа, жаңа заңның басты ерекшеліктерінің бірі – құжатта негізгі терминдердің ұғымдық аппараты ұсынылған: **бейбіт жиналыстардың барлық түріне ғылыми анықтама беріліп, бейбіт жиналыстарды ұйымдастырушылардың, қатысушыларының құқылары мен міндеттері** және осы субъектілер тобына арналған тыйым шаралары, сондай-ақ журналистердің де құқылары мен міндеттері, **мемлекеттік органдардың құзыреттері** айқындалған.

1-кесте. 1995 және 2020 жылдары Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі жөніндегі заңдардың негізгі ережелерінің салыстырмалы кестесі

Ережелер	1995 жылғы заң	2020 жылғы заң
Бейбіт жиналыстарды өткізу тәртібі	рұқсаттық	хабарламалық
Бейбіт жиналыс өткізу жөнінде өтініш / хабарлама беру мерзімі	өткізу датасынан кемінде 10 күн бұрын	- ереуілді, жиналуды, митингіні өткізу датасынан кемінде 5 жұмыс күні бұрын - наразылық білдіруді, шеруді өткізуге өтінішті ұйымдастырушы кемінде 10 жұмыс күні бұрын береді
Бейбіт жиналыстардың түрлері жөнінде ұғымдық тетіктердің бар-жоқтығы	жоқ	бар
Ұйымдастырушы мен қатысушының құқылары мен міндеттері, сондай-ақ, тыйымдар	тыйымдар ғана айқындалған	айқындалған
Журналистің құқылары мен міндеттері	айқындалмаған	айқындалған
Мемлекеттік органдардың құзыреттері	көрсетілген	мейлінше мұқият көрсетілген
Өткізу орны	бұрын елдімекендердің орталық бөлігінен арнаулы орындарды белгілейтін норма болған жоқ	республикалық маңызы бар қалалардың орталық аудардарынан және облыстардың әкімшілік орталығынан арнаулы орындардың міндетті мөлшерін (үшеуден кем емес) белгілеу жөнінде норма енгізілді

Ережелер	1995 жылғы заң	2020 жылғы заң
Хабарламалық құжаттардың түрлері мен мазмұны	жалпылама айқындалып, жергілікті деңгейдегі құжаттарда нақтыланды	тікелей заңда айқындалды
Бейбіт жиналыс өткізуден бас тарту	бас тарту себебі жалпылама айқындалды	айқындалды
Үгіттеу	айқындалған жоқ	бейбіт жиналысқа үгіттеу мерзімі мен түрлері айқындалды

Осылайша, бір жыл ішінде жаңа заң ережелері едәуір оңайлатылып, бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі нақтыланды. Соның нәтижесінде, тәжтажал індеті таралып, шектеу шаралары енгізілгеніне қарамастан, жаңа нормалардың күшіне енуі азаматтық қоғамның белсенділігін арттырып, әртүрлі бағыттағы қоғамдық жиналыстардың жиілеуіне ықпал етті.

Осыған орай өткен кезеңдермен салыстырғанда жаңа заң қолданысы бейбіт жиналыстарды өткізу санының өсуіне белгілі бір дәрежеде өз әсерін тигізді. Жаңа орындарда, қалалардың орталықтарында бейбіт жиналыстар өткізу тұрғын халықтың көп жиналуына, бұқаралық ақпарат құралдарында жан-жақты жария етуге жол ашты.

2-кесте. Рұқсат ету тәртібі шегінде ұйымдастырылған бейбіт жиналыстар

	2018 ж.	2019 ж.	2020 жылғы қаңтар-мамыр айлары
Қазақстан	5	30	1

Сонымен, бейбіт жиналыстарды өткізудің хабарламалық тәртібін енгізуге байланысты олардың саны бірнеше есе өсті. Егер рұқсаттық тәртіп шеңберінде 2018 және 2019 жылдары сәйкесті түрде небары

5 және 30 рұқсат етілген бейбіт жиналыс болса, ал 2020 жылдың маусымынан 2021 жылдың маусымына дейінгі аралықта жалпы саны **552 хабарламалық тәртіпке негізделген бейбіт жиналыс өткізілді.**

3-кесте. Хабарлама тәртібімен өткізу шегінде ұйымдастырылған бейбіт жиналыстар

2020 жылғы маусым және 2021 жылғы мамыр аралығы	
Нұр-Сұлтан қ.	30
Алматы қ.	493
Өзге өңірлер	29
Қазақстан бойынша	552





Өткен кезеңде қоғамдық жиналыстардың ең көбі **Алматы қаласында** ұйымдастырылды – **493**. Атап айтқанда, өткен жылы Алматыда 44 митинг, 446 ереуіл, 2 шеру мен 1 наразылық көрсету ұйымдастырылды. Өткізілетін бейбіт жиналыстардың алға қойған мақсаты қоғамдық-саяси мәселелерден әлеуметтік-экономикалық, экологиялық проблемаларға дейін түрленіп отырды. Мысалы, Алматы қаласындағы бірқатар митингі саяси реформалар жүргізу, әйелдердің құқыларын қорғау, сығылыстыра үй салуға («нүктелі құрылысқа») қарсы күресу, жануарларға жауапкершілікпен қарау туралы жеке заң қабылдау, ломбардтардың әрекетінен зардап шеккен салымшылардың талап-тілектеріне қолдау көрсету, тәжтажалдан вакцинациялауға қарсы шығу, т.б. мәселелеріне бағытталды.

Заң қабылданғанға дейін Алматыда митингілер өткізуге арналған бір орын – қаланың шығыс бөлігінде орналасқан 4-шағын аудандағы, «Сарыарқа» базарының жанындағы гүлбақ болды. Оның орталықтан алыстығы әрі көлемінің кішкентайлығы талай сынға ұшырады. 2020 жылғы маусымда Алматы қаласының мәслихаты қаланың қақ ортасынан митингі өткізуге арналған тағы екі орынды – Алмалы ауданының Жароков көшесіндегі Махатма Ганди атындағы саяжайды және Медеу ауданында Ғылым академиясы ғимараты жанындағы Шоқан Уәлиханов атындағы гүлбақты бекітіп берді. Осыған орай олардың арасына Шевченко көшесі бойымен ұзындығы 4,6 км шерулерге шығу маршруты белгіленді. Нақ осы маршрут бойынша 2021 жылғы 8 наурызда феминистердің тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үлкен шеруі өтті, оған 300-ден аса адам қатысты.

Нұр-Сұлтан қаласында аталған мерзім ішінде 30 қоғамдық жиналыс ұйымдастырылды, олардың едәір бөлігі – **21-і азаматтардың ереуілге шығуы** еді. Өткізілген ереуілдер азаматтардың құқылары мен мүдделерін қорғауға (сот шешімдерімен келіспеуге, еңбек дау-дамайларына) бағытталды.

Сондай-ақ, **9 митингі** өткізілді. Бұл қоғамдық жиындар отбасындағы зорлық-зомбылыққа, үй жануарларын қорғауға, экология проблемаларына қатысты мәселелердің шешімін табуды көздеді.

Республикалық дәрежедегі қалалар арасында Шымкенттің белсенділігі ең төмен деңгейде екені байқалды. Өткен кезеңде мұнда 2 пикет өткізіліп, жерді шетел азаматтарына беруге тыйым салуды, бір

мезеттік несие амнистиясын жариялады, сондай-ақ, әділсотта заңның үстемдігін қамтамасыз етуді, сот жүйесіне реформа жүргізуді талап етті.

Аймақтар бойынша алғанда, салыстырмалы түрде жоғары белсенділік **Ақтөбе облысында** тіркелді – 15. Сондай-ақ, **Батыс Қазақстан** және **Қарағанды** облыстарында сәйкесінше 4 және 3 бейбіт жиналыс өткізілді. Олар әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси даму мәселелеріне арналды.

Бұдан басқа, **Павлодар облысында** 30 адамның қатысуымен мемлекеттік тілді дамыту және қолдау көрсетуге арналған митингі өткізілді.

Сонымен, бейбіт жиналыстар туралы жаңа заңның күшіне енуі осы шараларды ұйымдастыру ісін оңайлатып, сол арқылы азаматтық қоғам мен пікірлер алуандылығын дамытуға ықпал етті. Жария саясатқа бұрын бейбіт жиналыстарға қатыспаған азаматтық белсенділердің жаңа тобы көп келеді, енді олар ондай жиындарды өздері ұйымдастыра алады.

4. ОППОЗИЦИЯ ӨКІЛДЕРІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН БЕЙБІТ ЖИНАЛЫСТАР

Өткен жылы бейбіт жиналыстар туралы жаңа заң шеңберінде оппозициялық топтардың өкілдері де бірнеше қоғамдық жиындар өткізді.

Мысалы, **«Қазақстанның демократиялық партиясы» («ҚДП») топтарының белсенділері (А. Тілеужанова мен Ж.Мамай) 3 митингі өткізді**, оны өткізу жөнінде олар Алматы қаласының жергілікті атқарушы билігін тиісті тәртіп бойынша хабардар етті.

Өткізілген митингілердің тақырыптары қоғамдық-саяси мәселелерге арналды. Атап айтқанда, несие амнистиясын, «саяси» тұтқындарды босатуды, шетелдік заңи және жеке тұлғаларға жер сатуды тоқтатуды талап етіп, Қазақстан аумағында Қытай халық республикасының 56 зауытын салуға қарсылық білдірді.

Сондай-ақ, «ҚДП» жақтаушылары **аймақтарда** да пикет түрінде әртүрлі қоғамдық жиындар ұйымдастырды. Әсіресе, несие амнистиясын жариялау, шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға жерді жалға беруден бас тарту мәселелері бойынша митингілер **Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Ақтөбе облыстарында** өткізілді.

Бұған қоса, «ҚДП» өкілдері пикет түріндегі бейбіт жиындарға бастамашы болды. «ҚДП» қозғалысының жақтаушылары А. Тілеужанова, А. Достияров пен Р. Тоқтасынұлы Алматыда 4 пикет ұйымдастырып, халық үшін несие амнистиясын жүргізуді, шетелдіктерге жерді жалға беруден бас тартуды және саяси реформаларды қолға алып, демократиялық партияны тіркеуді талап етіп шықты.

Бұлардан басқа, 2020 жылғы 31 қазанда Алматы қаласындағы Ұлттық ғылым академиясының алдында «Ар.Рух.Хақ» қоғамдық қорының **(Б. Төреғожина)** мен «Либерти» қоғамдық қорының **(Ф. Ағелеуов)** басшылары «Саяси реформала өткізу және саяси себептер бойынша қудалауды доғару қажеттігі туралы» деген тақырыпта митингі өткізді. Бұл акцияға екі жүзге тарта адам қатысты. [6]



Алматы қ-ндағы митинг. 2020 жылғы 31 қазан (сурет www.azattyq.org)

Сонымен бірге өткен кезеңде Алматы қаласында өткен 446 пикеттің 298-ін тіркелмеген «Көше партиясының» жақтаушылары Д. Рақым, С. Айтмұхамбетова, Ж. Полатова мен Р. Бекназарова ұйымдастырып, «Қазақтанның сотталған азаматтарының құқыларын әділетті сотта жүзеге асыруға, Қазақстан азаматтарының ҚР Конституциясында кепілдік берілген құқылары мен бостандықтарын қорғауға жәрдемдесу» тақырыбын көтерді.

Жоғарыда аталған оппозициялық қозғалыстардың жақтаушыларынан басқа, **Жалпы ұлттық социал-демократиялық партия** өкілдері де біршама белсенділік көрсетті. Мәселен, 2020 жылғы қыркүйекте Солтүстік Қазақстан облысында партияның облыстық филиалының төрағасы В. Андриевский жеке пикетке шығып, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелерін көтерді.

Қорытындылай келе, «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» жаңа заң оппозициялық топтар өкілдерінің өз талап-тілектерін ашық мәлімдеп, алға тартуына, сол арқылы елдегі қоғамдық-саяси үдерістердің жандануына ықпал еткенін айтқанымыз жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Билік институттары мен азаматтық қоғамның бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу жөнінде өзара қарым-қатынастарын жетілдіре түсуі 2020 жылғы мамырда еліміздің **«Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы»** тұжырымдамалық тұрғыдан жаңа заңын қабылдауына мүмкіндік туғызды. Оны әзірлеп, талқылау барысында саясаттанушылардың, қоғам белсенділерінің, сарапшылардың, заңгерлер мен құқық қорғаушылардың пікірлері мен ұсыныстары қаперге алынды.

Осы құжаттың қабылдануына орай **қолданыстағы заңдарды ырықтандыру қолға алынды**. Бұл сонымен бірге **қоғамдық-саяси үдерістерді заңды түрде жандандыра түсуге** жәрдемдесті.

Баяндамада айтылған, өткен жылы өткен бейбіт жиналыстарды талдау нәтижелері де **жаңа заң қолданысы халықтың азаматтық белсенділігінің күшейіп, қазақстандықтардың жаңа саяси мәдениетін қалыптастыруға игі әсерін тигізгенін** айғақтайды.

Бейбіт жиналыстар туралы жаңа заң әзірлеу жөніндегі бастаманы Мемлекет басшысы өзінің **саяси реформаларының алғашқы легі** аясында көтергенін атап айтуымыз керек. Бейбіт жиналыстар туралы заңнан басқа, оған саяси партияларға арналған тіркеу сатысын 40 мың адамнан 20 мыңға дейін төмендету, парламенттік оппозиция институтын енгізу және сайлаудың партиялық тізімінде әйелдер мен жастарға 30% квота беру, ҚР Қылмыстық кодексінің 130-бабын декриминалдап, 174-бабын ізгілендіру, өлім жазасын алып тастауға бағытталған Халықаралық «Азаматтық және саяси құқықтар туралы» пактінің Екінші факультативтік хаттамасына қосылу жөніндегі бастамалары да кірді.

Саяси реформалардың алғашқы легі аясында барлығы **8 заң қабылданды**.

Осы реформалардың барлығын нақты жүзеге асыру «халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының тиімділігін көрсетіп, қоғамдық үдерістерді жетілдіре түсуге жағымды әсерін тигізіп келеді және де билік институттары мен жұртшылық арасындағы, сондай-ақ қоғамның өз ішіндегі сындарлы диалогты қалыптастыруға қосымша серпін беріп отыр.

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ СЕНІМ КЕҢЕСІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі (бұдан әрі – Ұлттық Кеңес) Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Ұлттық кеңес **Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2019 жылғы 12 маусымда құрылды.**

Ұлттық кеңес қызметінің негізгі мақсаты жұртшылықтың, қоғам белсенділері және сарапшылар қауымдастығы өкілдерімен кеңінен талқылау негізінде мемлекеттік саясаттың өзекті мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар болып табылады.

Ұлттық кеңес мүшелері екі жыл ішінде саяси, әлеуметтік-экономикалық жаңғыру бағыттары бойынша түрлі ұсыныстар ұсынды. Бұл ұсыныстардың көп бөлігі саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени салалардағы президенттік бастамаларға негіз болды.

Ұлттық кеңес қызметінің аясында барлығы **17 заң, 3 Жарғы** және **орталық мемлекеттік органдардың 50-ден астам қаулысы, бұйрықтары мен өкімдері** қабылданды. Қазірге уақытта 15-тен астам заң жобасы әзірлеу және қарау сатыларынан өтуде.

Ұлттық кеңестің ресми сайты:

<https://ulttyq-kenes.kz/>

Ұлттық кеңестің әлеуметтік желілердегі аккаунттары:



ulttyq_kenes



ulttyq_kenes



ulttyqkenes

ҚОЛДАНЫЛҒАН АҚПАРАТ ҚАЙНАР КӨЗДЕРІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы [Электрондық ресурс] // «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_
(қаралған күні: 17.06.2021).
2. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2126 Заңы (күшін жойған) [Электрондық ресурс] // «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/U950002126_
(қаралған күні: 23.06.2021).
3. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2019 жылғы 2 қыркүйек. [Электрондық ресурс] // ҚР Президентінің ресми сайты.
URL: https://www.akorda.kz/ru/addresses/addresses_of_president/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana
(қаралған күні: 23.06.2021).
4. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында сөйлеген сөзі. 2019 жылғы 20 желтоқсан [Электрондық ресурс] // ҚР Президентінің ресми сайты.
URL: https://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-k-tokaeva-na-vtorom-zasedanii-nacionalnogo-soveta-obshchestvennogo-doveriya
(қаралған күні: 24.06.2021).

5. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 25 мамырдағы № 333-VI ҚРЗ [Электрондық ресурс] // «Әділет» ҚР нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2000000333>
(қаралған күні: 30.06.2021).
6. С провокациями, но без задержаний: что происходило на митинге в Алматы [Электрондық ресурс] // «Азаттық Радиосы» ақпараттық ресурсы.
URL: <https://rus.azattyq.org/p/4466.html>
(қаралған күні: 30.06.2021).